



Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 476 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қыркүйекте № 5913 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 16 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 11.01.2016 № 16 қаулысымен (қол қойылғаннан кейін күшіне енеді).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Жарлығына сәйкес, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Исабаев

Ә к і м д і к т і ң

2015 жылғы 3 қыркүйектегі

№ 476 қаулысымен бекітілген

Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі сәулет және қала құрылысы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып т а б ы л а д ы .

2. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол кенті, Калинина көшесі, 55 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық

қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауданның сәулет және қала құрылысы қызметінің саласында мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады.

15. Міндеттері:

1) аудан аумағын кешенді әлеуметтік-экономикалық және сәулет-қала құрылыс дамудың ағымды және келешікті міндеттерін шешуге бағытталған, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумақтарында қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;

3) аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

4) аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендерде бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру және аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

5) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жобаларын бекіту және іске асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттар, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;

2) оның құзырына жатқызылған мәселелер бойынша сотта талапкер және

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне басшылықты Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысын Қостанай ауданы әкімі қызметке тағайындады және қызметтен босатады.

20. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі: қаржылық құжаттарда бірінші қол қою құқығы бар, шарттар жасасады, сенімхаттар береді;

лауазымдық міндеттерін бөледі және бекітеді, мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

іссапарлар, тағылымдамалар, оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін көтерудің өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

жұмысқа қабылдайды және босатады, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қостанай ауданы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.